



№ 24 (1493)
2 шілде
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



Асқақтай бер, елімінің, АСТАНАСЫ!

Астана – еліміздің айбыны, тәуелсіздігіміздің тірегі. «Астана – жаңашылдық жаршысы, Қазақстанның динамикалы дамуының жарқын бейнесі, республикамыздың тәуелсіздік символы», – деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айшықтаған асқақ, сұлу Астанамыз бүгінде ел мақтанышына айналған. Халықаралық сахнада ел абыройы мен беделінің бет-бейнесі болып табылатын Астанамыз 6 маусымда 15 жасқа толмақ.

1998 жылы 10 шілдеде Қазақстанның жаңа елордасы – Астананың халықаралық тұсауы кесілді. Міне, сол сәттен бастап қысқа мерзім ішінде бас қаланың инфра құрылымы қарқынды дамып, көркі күннен-күнге көз тартуда. Стратегиялық маңызды нысандар мен демалыс орындары, сәулетті ғимараттар асқан жылдамдықпен бой көтеріп, қазір Астана барша ел тұрғындарының көз қуанышына айналды. Астанаға әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі өрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнатуға қол жеткізе алған жас қала ретінде ЮНЕСКО-ның шешімімен «Бейбітшілік қаласы» атағы беріліп, медальмен марапатталды. Астана қазір халық саны жөнінен Алматыдан кейінгі 2-орында.

Ел тарихындағы ең өзекті шешімдер қабылданып, білім мен ғылым, мәдениет пен әдебиеттің тоғысқан жаңа ортасын қалыптастырып келе жатқан қасиетті орданың қадамы нық, жетістіктері айқын. Өткен жылы Астананың кезекті жеңісіне ел болып қуандық. Алпауыт елдермен аламанға түскен Астанамыз озып шығып, мерейімізді асырды. Астана арқылы қазақ жерін



әлем таныды. Енді 2017 жылы Орталық Азия аумағы мен ТМД кеңістігінде алғаш рет ЭКСПО көрмесі қазақ жерінде, Астана қаласында өтетін болды. Бұл озық технологиялар мен ғылыми инновациялық жетістіктер көрмесі ғана емес, елімізді күллі әлемге паш етер абыройлы міндет, зор мүмкіндіктер алаңы болмақ. Ендеше, туған күнің құтты болсын, алаштың Астанасы! Кең пейілді, дархан көңілді, ұлан-байтақ қасиетті алаш жұртының абыройын асқақтатып, жайнай бер, жасара бер деп тілейміз!

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ҚазҰУ қызметкерлері біліктілігімен лайықты



Білім беру қызметінің жоғары сапасы – ҚазҰУ-дың басатын корпоративті құндылықтарының бірі. Кәсіби білікті маман даярлау үшін университеттегі оқытушылармен қатар, қызметкерлер деңгейі де жоғары болуы шарт. ҚазҰУ қызметкерінің білімі мен білігін анықтаған аттестация өз мерейіне жетті. Көшегі ректорат мәжілісінде оның қорытындысымен Кадр және мұрағат істері басқармасының басшысы Айнур Сатылғанқызы таныстырды.

«Әлемдік басқару тәжірибесінде осы 20-30 жылда қызметкерлерді аттестациядан өткізу шешімі белең алды. Осы бағытта біздің университет алғашқылардың бірі болып, өз қызметкерлерін 3 сатыдан – психологиялық, жазба және ауызша сынақтан тұратын аттестациялаудан өткізді», – деді басқарма басшысы. Аттестацияны 3-26 маусым аралығында әкімшілік-басқару, оқу-көмекші, библиотека, университет қауіпсіздігі, қызмет көрсетуші қызметкерлер тапсырды. Қызметкерлердің өз мамандықтары мен міндеттері және ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративті мәдениет кодексі бойынша сұрақтар қойылып, білімі тексерілді. Нәтижесінде қызметкерлер білімі мен тәжірибесіне орай 1, 2, 3 жыл мерзімге аттестацияланды.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІ САНАА:

ДО СВИДАНИЯ,
КОЛЛЕДЖ!



2-бет

БҮГІНГІ САНАА:

СТУДЕНТТЕР КЛУБЫ
ӨНЕРДІҢ ҚЫЗ-ҚЫЗ
ҚАЙНАҒАН ОРТАСЫ



7-бет

БҮГІНГІ САНАА:

ӘСКЕРИ КАФЕДРА
КУРСАНТТАРЫ
АНТ БЕРДІ



8-бет

СҚЖ ҚЫЗУ ЕҢБЕК ҮСТІНДЕ

28 маусымда «Жастар алаңында» ҚазҰУ Студенттік құрылыс жасағы құрылтайының ашылу салтанаты өтті. Дәстүрге айналған жиында «Алға, ҚазҰУ құрылыс жасағы!» деп ұрандаған жастар еңбекқорлықтың үлгісін таныта білді.

«Жас келсе – іске» деген дана халқымыз қашан да ұрпағын еңбекке баулыған. «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деген халық сөзінің мағынасы да терең. Осы ұстанымды берік ұстап, жастарды еңбексүйгіштікке үйрететін жасақтың биылғы еңбек маусымына 107 студент қабылданған. Оның 45-і ер жігіттер болса, 62-сі – тал шыбықтай тербелген бойжеткендеріміз. Олар денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігіне, белсенділігіне қарай іріктеліп алынған. Сонымен қатар жұмысқа алуда студенттің әлеуметтік жағдайы да ерекше ескерілген.

«Жазғы жұмыс кезеңі 1 маусым мен 25 тамыз аралығын қамтиды. ҚазҰУ-дың Студенттік құрылыс жасағына енген студенттер жұмыс маусымы барысында университет таралынан бір уақыт тегін тамақпен, арнайы киім формасымен қамтамасыз етіліп, жатақханада тегін тұруына мүмкіндік жасап отыр. Енді студенттік құрылыс жасақтары оқу басталғанға дейін айлық жалақымен жұмыс істейді. Құрылыс жасағы студентінің айлық жалақысы орта есеппен 40 000 теңгені құрайды», – дейді СҚЖ штаб бастығы Жұмағали Бейсенбайұлы.

Студенттер ҚазҰУ қалашығының қорғауға алынған көгалды аймақтарын тазартып, жатақханалар мен оқу



ғимараттарына керекті құрылыс материалдарын өндіріске шығарып бастауда. Нақты тоқталар болсақ, құрылыс жасағы ҚазҰУ қалашығы аумағын тазарту, абаттандыру жұмыстарын атқарады. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, Студенттік кампустың барлық 13 жатақхана мен оқу ғимараттарында және Ректорат ғимаратының бөлмелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Эксперименталды өндірістік орталыққа жиһаз жасау жұмыстарына қажетті материалдарды тасып, жинайды. Өнімді әрі нәтижелі еңбекке қол жеткізген жасақ студенттеріне арнайы марапаттаулар да болмақ.

Фарица ЖАНЕКЕ,
филология, әдебиеттану және
әлем тілдер факультетінің студенті

ҚазҰУ қызметкерлері біліктілігімен лайықты

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Атап өтерлік жайт, ҚазҰУ қызметкерлері жоғары кәсіби деңгейін танытты. Олар еліміздің жетекші университетінің қызметкерлері де оның биік мәртебесіне ар-оқданымен, еңбегімен лайықты екендіктерін дәлелдеп шықты», – деді Айнуір Мадиярова.

Ғылыми-зерттеу мен инновация, жоғары академиялық жауапкершілік, кемелдену мен шығармашылық даму, өнегелілік пен отансүйгіштік негізінде ҚазҰУ қызметкерлері

болашақта да тұлға ретінде дамуы тиіс. Осылайша ой сабақтаған ректор Ғалым Мұтанұлы аттестацияның ұжымды біріктіру, ұйымдастыру үшін өткізіліп отырғанын атап өтті. Қызметкерлердің жауапкершілігі артып, ұжымымыз тату әрі білікті болғай деп тіледі университет басшысы.

Сондай-ақ ректорат мүшелері аттестация жөнінде сұрақтар қойып, өз ойларын ортаға салды.

Әйгерім ӨЛІМБЕКОВА

www.kaznu.kz

На базе КазНУ состоялось заседание учебно-методической секции по гуманитарным и естественнонаучным специальностям Республиканского учебно-методического совета (РУМС) МОН РК высшего и послевузовского образования на тему: «Совершенствование учебных планов на основе опыта Назарбаев-университета и ведущих зарубежных вузов (top-100)».

В ходе мероприятия были обсуждены вопросы по разработке инновационных образовательных профессиональных программ, ориентированных на усиление практической подготовки и научной составляющей.

КазНУ является крупным учебно-методическим центром Казахстана. Учебно-методическая секция РУМС университета объединяет 22 ведущих вуза страны и курирует пятую часть всех специальностей высшего и послевузовского образования республики.

ҚазҰУ басшылығы мен ғалымдары Қиыр Шығыс федеративті университеті (Ресей) өкілдерімен кездесті.

Шара барысында екі жақ өз оқу орындарының қызметі және жетістіктерімен бөлісіп, алдағы жоспарлар, ынтымақтастық тәңірегіндегі сұрақтарды талқылады. Сондай-ақ олар ҚазҰУ-дың интернационалдандыру ғылыми-инновациялық және академиялық қызметтері мол тәжірибесімен танысты.

На факультете международных отношений в рамках языковой стратегии «Триединство языков» Центр лингвистических компетенций и методическое бюро провел научно-методическую конференцию «Английский язык – язык глобального образования: новые вызовы и новые подходы».

Итоги конференции были подведены на секциях: «Английский язык как средство повышения качества преподавания и подготовки будущих специалистов», «Языковая среда и межкультурные коммуникации», «Профессионально-ориентированное обучение на иностранных языках», «Пути совершенствования преподавания языковых дисциплин».

До свидания, колледж!

Как же быстро пробижали годы учебы в колледже КазНУ. Вручение дипломов – одно из самых волнующих событий в жизни недавнего студента, а теперь – выпускника. Диплом об образовании – это первый шаг молодого человека во взрослую жизнь, первая проба своих сил. В этом году стены нашего колледжа покидают 216 специалистов технического и профессионального образования.

В торжественном мероприятии приняли участие директоры Департамента по воспитательной работе М. Ногайбаева, филиала АО «Республиканский научно-методический центр развития технического и профессионального образования» Б. Халмуратов, деканы факультетов, руководители структурных подразделений и сотрудники университета. С замечательным событием выпускников также поздравили их родители, друзья, преподаватели и, конечно же, администрация колледжа. Они пожелали будущим молодым специалистам продолжить дальнейшее обучение в вузе, реализоваться в избранной профессии, быть востребованными, а также не терять связь с колледжем, преподавателями и своими однокурсниками.



Выступления декана факультета довузовского образования КазНУ Ж. Жаппасова и директора колледжа Р. Нуркановой были пронизаны особой гордостью и теплотой. Они посоветовали выпускникам никогда не останавливаться на достигнутом и стремиться к повышению профессионального мастерства.

Громкими аплодисментами зал приветствовал педагогов-ветеранов и кураторов групп. Выпускникам этого года руководители групп Р. Каупенбаева и С. Габдушева пожелали профессиональных успехов и благополучия.

Выпускной для родителей – не менее торжественный и радостный праздник, как и для самих выпускников. От имени родительского комитета колледжа поздравила всех присутствующих Б. Баймукашева. Она пожелала, чтобы выпускники оправдали надежды родителей и стали высококвалифицированными специалистами.

На протяжении всего вечера царил праздничный атмосфера. Для преподавателей, гостей, выпускников и их родителей был организован концерт, в котором приняли участие звезды казахстанской экстрადы М. Арынбаев, А. Сламхан, группа «Қыран», а также танцевальный ансамбль «Бахыт» и художественные коллективы университета.

Три счастливых, веселых и насыщенных событиями года позади. Прощай, колледж! Здравствуй, взрослая студенческая жизнь!

М.А. КЕНЕБАЕВА,
руководитель кураторов колледжа

6 июля – День столицы. Астане исполняется 15 лет

Биыл біздің досымыз, әріптесіміз Талғат Мекебаев елу жасқа толады. Біздің достығымыз сонау ертеде, 1986 жылы, алғаш ҚазМУ қалашығында заң факультетінің №9 жатақханасында кезекшілікте кездескенде басталды. Мен, Серікқали Тыныбеков, осы жатақхананың студентісі тарих факультетінің орынбасары әрі заң факультетінің 4-курс студенті болатынмын, Талғат ол кезде тарих факультетінің 2-курс студенті және ЖКОЖ (жедел комсомол жасағы) командирі. Архат Әбікеновпен де арадағы достық көпірі осы кезеңде қалыптасқан еді. Біздің таныстығымыз үлкен шынайы достыққа ұласты. Сол кездің өзінде біз Талғаттың бойындағы өз міндетіне деген жауапкершілікті, тәлім-тәрбиелілікті, оқуға деген зор ұмтылысты байқағанбыз.



2013 жылдың наурызында «Парасат» кәсіподағы төрағасының тікелей ат салысуымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде «Жалпы еңбек қоғамы: кәсіподақ қозғалыстары мен әлеуметтік заңдарды жетілдіру тәжірибесі мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысына ірі компаниялар кәсіподағының өкілдері, отандық және шетелдік ғалымдар қатысты.

Жақында ғана, мамыр айында, ҚазҰУ кәсіподағы халықаралық деңгейге шығып, Сеул ұлттық университетіндегі әріптестерімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Енді ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері жетекші оңтүстіккореялық университеттің медициналық орталығында жеңілдікпен тексеріліп, емделе алады.

Талғат Мекебаев қашан да университеттегі үлкен оқиғалардың бел ортасында жүреді. Ол республикалық және шетелдік әріптестер арасында да танымал. Талғат Мекебаев жетекші ретінде қызметкерлерге әрқашан уақыт табады, олардың мәселелеріне ден қояды. Оның әлеуметтік қамсыздандыру мен кәсіподақ заңнамалары мәселелері бойынша әртүрлі БАҚ-та сөйлеген сөздері өз әріптестерінің ортасында ғана емес, жалпы жұртшылықтың оң бағасына ие болды.

Білгір, жоғары білікті маман, сонымен бірге қарапайым және үлкен университет ұжымына сыйлы да парасатты азамат, біздің досымыз, міне, мерейтойлық жасқа толып отыр. Оны достары және тамаша отбасы жақсы көреді.

Адамға бақыт үшін не керек?! Өмірге қуану, белсенді жұмыс істеу, жаңаны игеру, өз халқына, еліңе, ұжымыңа, туғандарың мен жақындарыңа жылу және игілік сыйлау.



ДОС ТУРАЛЫ СЫР

Талғат Құмарғалиұлы Мекебаев 1963 жылы 29 маусымда Талдықорған облысының Бөрлі-Төбе ауданына қарасты Лепсі станциясында (қазіргі Алматы облысында) дүниеге келген. 1980 жылы қазақ орта мектебін бітірген. Мектеп бітіргеннен кейін Талғатты №1 ҚМҚК (құрылыс материалдары құрылымының комбинаты) моторшысының ауыр да қызықты жұмысы күтіп тұрған еді. Дәл осы жұмысшы мектебі оның көз келген істі игеріп кетуіне ықпал етті. Дәл сол кезде әрбір жұмысшының құқығы қорғалуға тиіс екенін ұқты. Сол қасиетті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы төрағасын атқарып жүрген бүгінгі күні де көмегін тигізіп келеді.

1982-1984 ж.ж. Талғат Советтік әскер қатарында абыроймен борышын өтеді. Әскери өмір мектебі жас жігітті жауапкершілікке, ұжымда жұмыс жасауға, әлсізге көмектесуге үйретті.

1985 жылы ол С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетіне оқуға түсіп, ал 1990 жылы үздік бітірген соң жас маман ретінде ТМД тарихы кафедрасында қалдырылды. Талғат Мекебаев кафедрада жұмыс істей жүріп оқытушылық қызметтің қыр-сырын толық меңгерді, өзін үнемі жетілдіріп отырды.

Талғат ұстаздық қызметінің алғашқы күнінен бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсене айналысады. 1996 жылы т.ғ.д., профессор М. Қойгелдиевтің жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғайды. Ол әріптестер алдында абыройлы, студенттер де оны білікті дәріскер, әділ әрі мейірімді ұстаз ретінде бағалайды және жақсы көреді. Тарих факультетінде ол ұстаздан деканның орынбасарына дейінгі жолды өтіп, жаңа және жаңаша Қазақстан кафедрасының доценті атанды, болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру ісінде қалтқысыз қызмет атқарды.

Ғылыми-педагогикалық қызмет барысында Т. Мекебаев 60-тан аса ғылыми мақала жазды. Олардың басым көпшілігі халықаралық және республикалық ғылыми конференциялардың жинақтарында жарияланды. Ол оқу үдерісінде жиі қолданып жүрген 5 оқу методикалық құралын, пән бойынша 3 оқулық дайындады. Талғат Мекебаев – «Тарихи жырлар»,

«Қазақстан тарихы», «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы», «Ученые. Педагоги. Наставники», «Нам - 75 лет: прошлое, настоящее, будущее» сынды және т.б. кітаптардың авторы.

2002 жылдан бастап ол әкімшілік жұмысқа ауысты – ҚазҰУ Бірінші проректорының орынбасары әрі кеңесшісі болды. Ал 2010 жылы 4 мыңнан астам адамды біріктірген университет қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподақ комитетінің төрағалығына сайланды.

Бүгінде, көп жыл өткен соң, оның қол жеткен табыстарын көре отырып, тағы бір рет оның ерекше қабілетке ие жан екендігіне көз жеткіземіз. Сол қасиеті оны ғылыми-педагогикалық салада да, жетекшілік қызметте де жетістікке жеткізді. Ол қандай жұмыс болсын дөңгелетіп әкетеді, оны басшылық бағалайды және әріптестер құрметтейді.

Талғат Мекебаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық құрметті белгісімен, М.Тынышбаевтың 130 жылдығы медалімен, Б. Момышұлының 100 жылдығына арналған «Шапағат» медалімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 20 жыл» медалімен марапатталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің әлеуметтік құқығын қорғауда Талғат Мекебаевтың атқарған қызметі ерекше. Жетістіктері айқын.

ЖОО басшылығының және кәсіподақ төрағасының күш салуымен өткен жылы Алматы тарихында алғаш рет 118 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы мен қызметкері асханалық жиһазбен жабдықталған, шаршы метрі 350 АҚШ долларына тең пәтер алды.

Кәсіподақ мәдени және спорттық іс-шараларды үнемі ұйымдастырады. Оқытушыларға Ыстықкөл жағалауындағы ҚазҰУ-дың сауықтыру кешеніне және еліміздің демалыс орындарына жолдама беріледі, қиын жағдайда материалдық көмек көрсетіледі, олардың балаларына туған университетте білім алса, жеңілдік жасалады. Әлеуметтік аз қамсыздандырылған отбасынан шыққан студенттерге, жетімдерге, мүгедектерге кәсіподақ әлеуметтік көмек көрсетіп, өзекті мәселелер шешіледі.



Біздің досымыз, замандасымыз осыны ұстанады. Оған зор денсаулық, амандық, қиын да қызықты, сан-салалы жұмысында сәттілік, әріптестері, достары мен отбасының өзара түсіністігі мен қолдауына ие бола беруін тілейміз!

Серікқали ТЫНЫСБЕКОВ,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
азаматтық құқық және азаматтық процесс,
еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі;
Архат ӘБІКЕНОВ,
заң ғылымдарының кандидаты,
азаматтық құқық және азаматтық процесс,
еңбек құқығы кафедрасының доценті

Биыл 216 түлек ҚазҰУ колледжінің дипломына ие болды

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі

«Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» - дейді халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше мөпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек етеді.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы.

Жоғары оқу орнындарында жас ұрпақтың білікті де, білімді тұлға ретінде қалыптасуында куратор-эдвайзерлердің орны ерекше болып табылады. Осы орайда куратор-эдвайзерлердің басты көздеген мақсаты: студенттерге жеке оқу жоспарын құрастыруға, университеттің қоғамдық және шығармашылық өмірімен танысуға көмек бере отырып, достықты, адалдықты, қарапайымдылықты, мейірімділікті үйрету.

Физикалық химия, катализ және мұнай химия кафедрасында 15 куратор-эдвайзер қызмет етеді. Әрбір куратор-эдвайзер өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Себебі, жан-жақты жетілген, дүниесі бай, белгілі дәрежеде ғылыми білім жүйесін игерген

және оны бағалай, талдай алатын, өзге халықтардың тарихын, мәдениетін, тілін меңгерген, өздігінен денсаулығын нығайтуға, адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын дамытуға ынтызар, өмірдің әрқилы кезеңдерінде дербес еңбек етуге даяр ұрпақты тәрбиелеу – ең басты өзекті мәселе. Ол, біріншіден, білім мазмұны арқылы іске асса, екіншіден, тәлім-тәрбие мазмұны арқылы бойға сіңеді.

Куратор-эдвайзерлер қызметінің жетістігі мен жасаған жұмысының жемісі, жыл сайын кафедрадан түлеп ұшқан түлектерден көруге болады. Атап айтқанда, осы жылы 66 түлек үлкен өмірге қадам басқалы отыр.

Әрдайым студенттердің бойына кішіпейілдік, сыпайылық, рақымшылық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету кафедрадағы куратор-эдвайзерлердің еншісінде.

А.К. ЖУСУПОВА,
х.ғ.к., доцент;
Н.Т. СМАҒҰЛОВА,
х.ғ.к., аға оқытушы

Білікті маман үзіліссіз оқу, үйрену, біліктілігін көтеру, ізденуімен ерекшеленуі тиіс. Әр мамандық өмір сияқты үнемі өзгеріп отырады. Әсіресе, шет тілі маманына үнемі ізденіс керек. Гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасы оқытушылары осы ұстанымды алға қояды.

Олар MacMillan, InterPress, British Council т.б. ұйымдастырған біліктілік көтеруге арналған дәріс, ғылыми-әдістемелік конференцияларға, семинарларға қатысады. Онда Ұлыбританияның, АҚШ, Ресей Федерациясының ғалымдарымен кездесу семинарлар өткізіледі. Ғалымдар өзара тәжірибе алмасып, пікір бөліседі.

жоспарлау негізгі аспектілерімен, аудиторияда жұмыс ұйымдастыру тәсілдерімен танысады. Курс біткеннен кейін оқытушылар халықаралық ТКТ (Teaching Knowledge Test) емтиханды тапсыруға тіркеледі. Емтихан үш бөлімнен тұрады. Әр қайсысы сексен минут болатын сынақты қабылдайтын

Оқытушы біліктілігін көтеру – заман талабы

Гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының оқытушылары «Introductory Course into CELTA (TKT элементарымен)» курсына жүргізуде. Курс 75 сағаттан тұрады. Кафедраның он оқытушысы біліктілігін көтеру курсынан өткеннен кейін Study Inn оқу орталығынан арнайы білімі бар маман университетке келіп сабақ жүргізеді. Курс Кембридж университетінің «Ағылшын тілі» бағдарламасы (EFL) бойынша құрастырылған. Аптасына екі рет екі сағат жұмыстан кейін қалып, оқытушылар студентке айналады. Оқу кезінде оқытушылар әртүрлі оқыту әдістемелермен, тіл оқыту ұғымдармен, әртүрлі ресурстарды пайдалану, сабақ

– Кембридж университетінің өкілдері. Нәтиже Кембридж университетінде тексеріліп, алты аптадан кейін белгілі болады. Сынақтан сүрінбей өткендер ағылшын тілінен басқа елдерде сабақ беруге рұқсат беретін ТКТ сертификатын алады. Ал өз кезегінде бұл жоғарғы деңгейлі CELTA (Certificate of English Language Teaching to Adults. Cambridge ESOL) сертификатына қол жеткізуге жол ашады.

Г.Т. КАРАШИНА,
Г.А. ОРАЗЕВА,
гуманитарлық факультеттерге
арналған шет тілдер кафедрасының
оқытушылары

Кәсіптік бейімділік – білікті маман нышаны

Университетіміздегі білім беру жүйесі тек кәсіптік білім беруді ғана емес, студенттің адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтарын қалыптастыруды көздейді. Бұл мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінде студенттермен тәрбие жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Тәрбие жұмыстары қазіргі таңда қоғамда орын алып жатқан жағдайлар мен өзгерістерді ескере отырып жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижелі, өзіндік құндылықтар мен биік мұратты мақсаттарға ие болуы жөн. Адамға әсер етудің ең шоқты кезеңдері университет қабырғасында болатындықтан, студенттермен тәрбие жұмыстары олардың кейінгі кәсіптік бейімділігін қалыптастыруда, рухани және адамгершілік құндылықтарының қалыптасуында нәтижелі болуына ықпалын тигізеді.

Заң факультетінің студенттері – болашақта қоғам өмірінің кез келген саласында талап етілетін маман иелері. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің оқытушы-профессорлар ұжымының болашақ мамандарды кәсіптік даярлаудағы мақсатының бірі – олардың алдағы кәсіптік қызметін дұрыс анықтауға және білікті маман болуына атсалысуы болып табылады.

Университетіміздің заң факультетінің білім беру жүйесі мен тәрбие жұмыстарын

жүргізудегі негізгі мақсаттарды басшылыққа алады:

- тұлғаның интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- студенттің азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру;
- қоғамның рухани, мәдени және ғылыми құндылықтарын сақтау және дамыту.

Студенттерді тәрбиелеудегі ең негізгі жалпы мақсат – жоғары мәдениетті, зиялы, әлеуметтік белсенді, патриоттық құндылықтарға ие болашақта бәсекеге қабілетті жоғары кәсіби білім иесін қалыптастыру. Осыған байланысты заң факультетінің қызмет барысында студенттердің болашақ мамандықтарына бейімділігін арттыруды жоғары сатыда ұстайды.

Заң факультетінің кәсіптік бейімдеу қызметін жүзеге асырудағы алға қойған негізгі міндеттерінің бірі – заң факультетіне оқуға түсетін талапкерлердің болашақ мамандық таңдауындағы кәсіптік бейімділігіне әсер етуге байланысты жұмыстарды жандандыру болып табылады. Бұл мақсатта факультетімізде көптеген іс-шаралар жүргізіледі. Олардың қатарында 2013 жылдың сәуір айының 27 жұлдызында өткен мектеп түлектеріне арналған ашық есік күнін атауға болады. Ашық есік күнінде түлектерге университет бойынша танымдық шолу жүргізіліп, оларды оқу жүйесі және қызықтыратын

сұрақтар бойынша таныстыру болды. Аталған іс-шара түлектерге арналған шағын концерттік ән кешімен аяқталды.

Бәсекеге қабілетті кәсіпқой-маманды қалыптастыру үрдісінде университет қабырғасында олармен жүргізілетін кәсіби-еңбектік тәрбие жұмыстары үлкен рөл атқарады. Бұл тәрбие жұмыстары студенттердің жоғары білікті тәжірибе-мамандармен кездесуі, олармен сұхбат жүргізуден көрініс табады. Аталған тәрбие жұмыстары аясында Алматы қалалық сотында өткен ашық есік күнін атауға болады. Ашық есік күнінде заң факультетінің 2-курс студенттерімен еркін жағдайда ашық сұхбат жүргізілді. Бұл іс-шараны заң факультеті азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы Урисбаева Айнура Аманқұлқызы: «бұл ашық есік күніндегі судьялармен кездесу-студенттердің өздерінің болашақ мамандықтарына бір қадам жақындауы ретінде бағалауға болады» деп атап өтті.

Сонымен қатар факультеттің атқаратын жұмыстары барысында әлеуметтік-белсенді студентті қалыптастыру – жүргізілетін тәрбие жұмыстарының негізгілерінің бірі. Студенттің болашақта жоғары мәдениетті, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, қоршаған ортаға қамқор, отансүйгіш, патриот, тұлға ретінде қалыптасуында олармен жүргізілетін тәрбие жұмыстары маңызды рөл атқарады. Заң факультетінің азаматтық

құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі-профессор С.Т. Тыныбековтің бас-тамасымен өткізілген ашық эдвайзерлік сабақтар, дебаттар, дөңгелек үстелдер, конкурстар, балалар үйіне және қарттар үйіне бару сияқты іс-шаралар ұдайы жүргізіледі. 2013 жылдың 25 сәуірінде өткен М. Мақатаев кешіне арналған «Ғасырыңды жырлап өткен данасың», С. Демирель атындағы қазақ-түрік университетінің 2-курс студенттері өткен университетаралық «Қазақстан жастарының терроризм мен экстремизмге қарсы күрестегі орны мен рөл» тақырыбы аясындағы дебат, «Ең үздік эдвайзерлік топ», «Ең үздік эдвайзер» конкурстары студенттерді адамгершілік, құқықтық сана-сезімін тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

Қазіргі студенттердің – болашақ маман иелерінің келешекте жоғары мәдениетті, рухани және адамгершілік құндылыққа ие, өз ісінің шебері ретінде қалыптастыру үшін, олармен университет қабырғасында жүргізілетін тәрбие жұмыстары өте маңызды болып табылады және студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстары оң нәтижелерге қол жеткізуі қажет.

А. МОЛДАХМЕТҚЫЗЫ,
азаматтық құқық және
азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасы,
«Фемида» клубының төрайымы

**351 курсант военной кафедры КазНУ принял присягу
на верность Родине**

Студенттерге патриоттық тәрбие беру – отаншылдық кепілі

Қазіргі кезде патриотизм тақырыбы, оның ішінде қазақстандық патриотизм мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың тізбегіне айналуда. ҚР Президенті «Қазақстан халқына Жолдауында «оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттілігін» ерекше ескерткен және олардың ең бастыларының қатарында «патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, төннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық» аталып өткен, сонымен қатар «бұл құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан барлық оқу орындарында да сіңірілуі тиіс». Ендеше патриотизм идеясы жастарға білім мен тәрбие берудің барлық бағдарламаларының негізгі табуы керек, жалпы көпшіліктің де оған хабардар болғаны жөн.

Патриоттық сезім отбасынан басталады. Өкінішке қарай, нарықтық қатынастардың кеңінен орын алуы, ресектердің тәрбиеге жапайы көңіл бөлмеуі, ата-ана уақытының жетіспеушілігі отбасындағы жастар тәрбиесінің ролін түсірді.

Патриоттық сезімнің іргемізінде бекітетін бірден-бір институт — жоғары оқу орындары мен басқа да білім мен тәрбие беру мекемелері. Олардың көмегімен патриоттық сана қоғамдық өмірге бекітіліп, мемлекет тарапынан қолдауға және бағдарлауға ие болады. Студент жастар қоғамының әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше қазіргі студент жастар өздерінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қатысуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің түрліше жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген дералық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олар әліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтаушы күші де болып табылады.

Бірақ болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағалымына үсірт қарауға болмайды. Бұл туралы Президенті Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына ықпалы жақында жазылған Бағдарламалық тапсырмалық мақаласында ерекше ескерте келіп: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызды рөлін көрсетіп келді және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қиымет бөлуі үшін бәрін де жасайды», — деген болатын. Осы ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, бізге, жоғары оқу орындары ұстаздарына, тек оқу және оқыту процесінің төңіректемей, жастар болмысына әсер ететін құбылыстарды тұтастыра қарағанымыз жөн.

Мемлекетіміздің жоғары мектептері де осы бағыттарды басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие ісімен белсенді айналысуда. Студент жастарды азаматтылық, патриотизм, өлімнің қарқынды сатылап дамуы идеяларының

рухында тәрбиеленуіне бет бұрған оқу орындарының ішінде үлкен оқу тәрбиелік потенциалы бар. Қазақстанның жағдайы оқу орындарының біртұтас табынатын ел-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де бар.

Біздің университеттің тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты: рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, жоғары азаматтықшылығы гуманизммен ұштасқан, әлеуметтік тұрғыда белсенді, бастамашыл, толерантты, шығармашылықты, инновациялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге қабілетті ХХІ ғасырға лайықты, өлім сүйген патриот тұлға қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау.

Республика көлемінде де, жиналған оқу-тәрбие мекемелерін алапқ та патриоттық тақырыпқа байланысты іс-шаралар қазақандық патриотизмінің заманауи болашағын көрсетіп тұрған қарастыруды талап етеді. Алайша мақсатсыз, жоспарсыз, жүйеленген міндеттерсіз бұған қол жеткізу мүмкін емес.

Ел-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультетінде студенттерді отандыққа, халықтар достығын қарастыруға тәрбиелеуде түрлі тақырыптық кештер, кездесулер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар жоспарлы түрде өткізіліп өреді.

Мұндай іс-шаралар патриоттық тәрбие беру шеңберінде азаматтық-патриоттық тәрбие, қоғамдық-саяси және құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие беру секілді бағыттардың дамуына көздейді. Аталмыш бағыттар бойынша жұмыстар студенттер бойында нық азаматтық ұстаным мен патриоттық санын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мемлекеттің саяси құжаттарында нақты белгіленген патриотизмнің ықтималды нәтижесі ел азаматтарының нақты іс-әрекеттерімен көрінуі тиіс. Себебі азамат, патриот болу үшін бағыт немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отаныңды жапайы дәржаде сүйіп, өт-үшті қам жөуіп, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің керек.

Сөзінің соңында жастарды ертең Отаныңыз – Қазақстандағы бейбітшілік пен бірлікті қорғауды үйрету – біздің, ұстаздардың негізгі борышы. Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отандық тәлім-тәрбие дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі студент тұлғасын тәрбиелеуде оқу-тәрбие үрдісінде ұтымды қолдану – уақыт талабы. Ел-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті біздің мемлекетіміздің жетекші оқу орындарының бірі ретінде барлық күш-жігерін әрбір студенттің бойында өз Отаны үшін мақтанш сезімді қалыптастырудың тиімді тәлім-тағалымдық жолдарын қарастыру бағытындағы ізденістерін жалғастыра береді.

Жанғали МОЛДАБЕКОВ,
физика-техникалық факультеті,
плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының оқытушысы

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»



қасиеті студенттердің оқу, тәрбие ісіне аса жауаптылықпен қарап, барлық атқаратын шараларды егжей-тегжейлі жоспарлауында. Нағыз ақылшы ретінде ол кісі өз төңірегіне студенттерін топтасыра біледі. Топтағы әр студенттің өзіне бекітіліп берілген қоғамдық жұмыстардың тиянақты орындалуының сыры осы жүктемелерді әр студенттің қабілетін дөп басып бөліп берілуінде жатыр. Осы тұрғыдан алғанда Айнур Аманқұлқызы өз студенттерінің мінез-құлқы мен олардың жеке қасиеттері мен қабілетін тани білетін жан екендігін көруге болады.

Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы – жастар тәрбиесіне көңіл бөліп отырған. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан тарау. Солардың ішінде шешуші рөл атқаратын тәлімі мен тәрбиенің бір түрі – жастарды патриотизм үлгісінде тәрбиелеу маңызды іс саналады.

Ел-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студент-жастар тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Университетімізде студенттердің оқу үдерісін игеруде көмек көрсететін ақылшы, жастардың болашақта мәдениетті кәсібилігі жоғары маман ретінде қалыптасуына белсенді араласып жүрген куратор-эдвайзерлердің бірі заң факультетінің 202-топ эдвайзері - Урисбаева Айнур Аманқұлқызы.

Айнур Аманқұлқызының тағы бір

Айнур Аманқұлқызы студенттер мен өз еріптестері арасында үлкен беделге ие. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», — дейді данышпан Абай. Сол айтқандай, Айнур Аманқұлқызы қай жерде болмасын, қандай жағдайда болмасын жастарға ғалым-педагог және ақылшы ретінде көмегін аямайтын жан. Сонымен қатар Айнур Аманқұлқызы заң факультетінің оқу, ғылыми, тәрбие және қоғамдық өміріне белсенді атсалысып келеді.

Таяуда заң факультеті студенттер мәслихатының ұйымдастыруымен өткен «Үздік эдвайзер – 2013» атты конкурста Айнур Аманқұлқызы жеңімпаз атанып, өзінің іскерлік беделін тағы да танытты.

Алуа МОЛДАХМЕТҚЫЗЫ,
ел-фараби атындағы ҚазҰУ-дың
заң факультетінің 2-курс студенті

Speaking Planet – English Club

Со времен построения Баварской башни у человечества не осталось сомнения в том, что коммуникация является не единственным, но уникальным и самым совершенным средством человеческого общения. Коммуникация – это уникальное свойство языка. Сегодня во всем мире востребован английский язык. Его изучают «для использования в разных сферах жизни общества в качестве средства реального общения с людьми из разных стран».

С целью повышения мотивации и эффективности процесса обучения иноязычной коммуникации в условиях дефицита времени, отведенного на освоение иностранного языка в неязыковом вузе, возникла идея создания на физико-техническом факультете клуба английского языка – English Club. Внеаудиторная работа преподавателей в клубе, связанная с разработкой страноведческих проектов различной тематики, позволяет интегрировать языковую и культурную подготовку студентов. Идея создания клуба имеет прямое отношение к эдьютейнменту – относительно новой форме обучения, широко применяемой на Западе.

Функции клуба английского языка определяют основные направления

его работы: география англоязычных стран, история и культура, социальная проблематика, экономика, политическая система.

Поэтому при составлении плана деятельности клуба и создавая комплексный, многомерный «образ» страны, учитываются все страноведческие аспекты и изучение языка. Все темы, предлагаемые студентам для проведения исследовательской работы, подаются через призму английского языка как одного из основных элементов нематериальной культуры англоязычных стран и одного из важнейших факторов формирования этносов, говорящих на нем. Клуб предоставляет для этого обширные возможности, позволяя варьировать формы работы в зависимости от выбранной тематики.

Работа в клубе английского языка значительно расширяет общий кругозор и словарный запас студентов, развивает любознательность, умение анализировать и излагать информацию, повышает мотивацию и интерес к дисциплине и, как нам представляется, способствует формированию личностных качеств, которые необходимы для успешной коммуникации. Это открытость, толерантность и готовность к общению.

А.А. ЖАУТИКБАЕВА,
старший преподаватель

ҚазҰУ мен Токио университетінің Аэроавтика және космонавтика департаменті шығарылуы 2014-2015 жылдарға жоспарланған наноспутник жасау бойынша бірлескен жобаны бастады

«Тынық Дон»



Шолохов

«Тынық Донның» оқиғалық-құрылымдық негізін тарихи хроника емес, бірнеше отбасының трагедиялық тағдыры құрайды. Жазушы басты назарын қара нанның қадірін түсінетін Мелеховтар шаңырағына аударды. Үй иесі Пантелей Прокофьевич ескі казак дәстүрін жанын сала қорғайтын, өз дегені болмаса өзгеге құлақ аса қоймайтын өжет жан. Ол ешқашан бел жазып дем алуды білмейді. Қашан көрсең таң атқаннан күн батқанша жұмыс жасап, бүтін шаруасын дөңгелетіп отырғаны. Бір кезде татар хуторының көнеден келе жатқан тәртібіне жалғыз өзі қарсы тұрған Прокофии әкесінің бекзаттық, тәкаппарлық қасиеттерінің жұрнағы мұның да, ұлы Григорийдің де бойынан табылушы еді. Шығармада казак әйелінің ауыр тағдыры мен биік адамгершілік болмысын танытатын кәрі Ильинична бейнесі өте әсерлі шыққан. Ал жаңа Ресейдің тағдыр талайы Мелеховтардың кіші буыны Петр, Григорий, Дуняшкалардың трагедиялық өмір жолдары арқылы ашылады.

«Тынық Дондағы» әйелдер бейнесінен, әсіресе Акинья мен Наталья бойынан махаббат үшін бәрін, тіпті өз өмірін де құрбандыққа шала алатын, жан-тәнімен шексіз сүйе білетін қайратты сұлу тұлғаның жиынтық бітімін көреміз.

Қазан төңкерісі мен азамат соғысы Мелеховтар шаңырағының қалыптасқан тұрмыстық-отбасылық жағдайына тосын өзгерістер әкеледі. Дәстүрлі туыстық байланыстар үзіліп, жаңа мораль, жаңа наным-түсініктер туындай бастайды. Шолоховтың жеке тұлға концепциясы адамды төңкеріс тәжірибесі арқылы сынақтан өткізу керек деген ұғымды ғана білдірмейді, сонымен бірге адам баласы халық тарихының қойнауынан бастау алатын гуманистік идеалдар арқылы да жетілуге тиіс дегенге саяды. Одан демократизм принциптерін дамыту жайы да сырт қалмайды.

Ресейдің казак-шаруаларына өте-мөте ауыр тиген күрделі тарихи үдерістер Григорий Мелеховтың бейнесінен көрініс табады. «Басты кейіпкер трагедиясының себебі неде?» деген мәселені жазушы әлеуметтік, ұлттық, тарихи, психологиялық факторлар аралығында шешуге талаптанады. Ақиқатты іздеуші тұлға бейнесі, ой қуған тәкаппар адам драмасы орыс әдебиетіне оншалықты жат емес. Төртінші томның соңындағы Григорийдің шын сөзін айтып, ағынан жарылатын сәтін еске түсірейік: «жас Листницкий мен анау Кошевой сияқтыларға мен үнемі қызыға-қызғана қарайтынмын... Оларға бәрі басында-ақ түсінікті болатын, ал маған әлі де бәрі күңгірт. Олардың, екеуінің де, өзіндік тура жолы бар, соңғы тұрағы да белгілі. Ал мен он жетінші жылдан бері мас адамдай шатқалақтап жолсызбен жүріп келемін... Ақтардан кеттім, қызылдарға сіңе алмадым... Ақтардың қолбасшылары үшін мен жат болдым, үнемі күдікпен қарайтын, басқаша болуы да мүмкін емес еді. Диханның баласы, сауатсыз казакпын. Мен қалай олармен туысам? Олар маған

сенбеді. Кейін қызылдарда да осы жағдай қайталанды. Мен соқыр емеспін, эскадрондағы коммунистер мен комиссарлардың маған қалай қарайтынын байқадым... Шайқаста менен көз алмай, әр басқан адымымды көзден таса қылған жоқ... Әрі қарай шыдай алмадым. Ыстықтан тас та жарылады емес пе?».

Григорийдің көздегені – қалайда ақиқат шындыққа жету. Шығарма желісі барысында Григорий түрлі сынақтан өтеді. Алдымен, хутордағы ауыр еңбектің жемісін көреді, Ягодныйдағы Листницкий үйінде дайын ас, жеңіл өмірдің дәмін татады, билікті де кемдікті де байқайды, ақ та қызыл да болады. Егер қарама-қарсы бағыттың өкілдері саналатын Листницкий мен Кошевой өз шындығын тапқан болса, егер бұл кейіпкерлерге тән қасиет қаталдық деп танылса, Г. Мелехов осы екі әлемнің нақ ортасында тұрып екеуін де теріске шығарады.

Григорий төңкерістің ауыр кезеңдерінде көп қателіктер жібереді. Ол жасаған іс-әрекеттеріне түрткі болған жағдайларға талдау жасайды. Кейде тығырықтан шығар үшінші жол тапқандай үміттеніп қалады. Бірақ таптар тартысы саналатын аласапыран уақытта басқа бағытпен жүру мүмкін емес еді. Григорийдің күнәсі бағытын дер шағында анықтап алмағандығы. Сол үшін басты кейіпкер тағдыр тәлкегіне ұшырайды.

Шығарма соңында Шолохов біржақты байламға келмейді. Түрлі мысалдармен өрнектей отырып, Мелехов бейнесінің қат-қабат қайшылықтардан тұратынын атап өтеді. Жазушының сөзіне қарағанда, Григорийдің жалын шарпыған даланы елестететін жан дүниесі адамдық қасиеттерден ада емес. Адасып Фомин бандасына тап болатын Мелехов иілуді білмейтін тәкаппар мінезінен жаңылмайды.

Қаламгердің ертеректе «Дон әңгімелерінде» қол жеткізген табыстары «Тынық Донда» жаңа сапаға ие болады. Эпопеяда проблемалар ауқымы өмірдің негізгі заңдылықтары мен ұлттық мінез, әлеуметтік өзгерістер мен ұлт тағдыры, қоғамдық ілгерілеу барысындағы ұлттық пен таптықтың арасалмағы сияқты мәселелер төңірегіне топтасып, кеңі түскен. Шолохов бұл туындысында «халық», «қоғам», «тап» деген категориялармен шектеліп қалмай, «ұлт өмірі», «ұлт тарихы» «ұлт тәжірибесі» сияқты ұғым-түсініктер енгізеді.

Шолохов халықтың тарихи-әлеуметтік тәжірибесіне сүйене отырып, ширек ғасыр бойы орыс жұртының ұлттық мінезін зерттейді. Жазушы ұлттық болмысты аса дәріптеп жатпайды, оны негізінен ұлттық мәдениет ерекшеліктері қызықтырады. Эпопея сияқты көлемді дүние халық өмірінің қыр-сырын кеңірек ашып, бейнелеуге зор мүмкіндік береді. «Тынық Донда» халық тағдырындағы айтулы әлеуметтік жетістіктер көрініс табады. Кітапта «Тынық Донды» «казактар эпопеясы» атандырған сыншылар айтқандай, казактар бірлестігінің жойылуы бейнеленбейді. Жазушы бүтін ұлт өмірін, халық тағдырын қадағалап отырады.

Көзқарасы, мақсат-мүддесі ешқашан үйлеспейтін екі әлем бір-бірімен қақтығысқан сәтте үлкен-үлкен тарихи өзгерістер орын алатыны мәлім. Мұндай жағдайға трагедиялық қайшылықтарды айналып өту мүмкін емес. Халықтың жақсы қасиеттері мен дәуір қайшылығын бойына сіңірген бас қаһарман эпопея ұстанымына сай келеді.

Шолохов халықтық қоғамдық тарихи құбылыстарға берген бағасына, адамгершілік ар-ождан талаптарына сүйеніп қана қоймайды, мақал-мәтел, жыр, ән, өлең сияқты әдеби үлгілерді де молынан пайдаланады. Ауыз әдебиеті – жазушы үшін халықтың ертеде орын алған оқиғалар жайындағы пікірі, халық дүниетанымын зерттеуге қажетті құрал. Эпопеяның бас жағындағы, жеке бөлімдеріндегі эпиграфтардың ескі казак жырларынан алынуы, әрине, тегін емес. Романның стилі, ырғағы, лексикасы, барлық баяндау компоненттері түгелдей образды халық тілін қайта жаңғырту мақсатына бағынады.

Пазылбек БИСЕНБАЕВ,
казак әдебиетінің тарихы және теориясы
кафедрасының аға оқытушысы

О судьбах людских

Великим русским творцом без малейшего преувеличения и пафоса судьбы обыкновенных крестьянских людей так непринужденно вплетены в гениальный роман, что, кажется, прожил в этом мире вместе с героями всю жизнь. Вот так легко автор вводит в читателя в свою историю.

Михаил Александрович Шолохов красной нитью ведёт сквозь роман рассказы о Донском казачестве, в самый печальный и противоречивый этап истории – времена гражданской войны. Несмотря на то, что роман был написан в период советского времени, автор не отдаёт предпочтения ни одной из сторон, предлагая читателю выбирать самому. Начиная повествование с мирного и тихого, сквозь трагичное Шолохов доводит свой роман к настоящему горю, которое испытают герои книги. Наблюдателем всего происходящего выступает сам Дон Батюшка или Тихий Дон – немой свидетель братоубийственной войны, показанной со всех сторон со всем достоверным ужасом. Например, когда казачьи возвращаются на побывку домой: в одни хаты приходит радость, в другие – горе ждущих жён, матерей, детей. Особенно печально, когда происходят государственные перевороты, грабежи, расстрелы и т. д.

Весь трагизм персонажа эпопеи Григория Мелехова в том, что, уходя на одну войну, он попадает в другую, перетекшую в гражданскую. У него нет возможности до конца прочувствовать мир и покой. Хотя, наверняка, этой возможности лишён всякий, кто прошёл сквозь муки и ад войны.

Можно невероятно долго рассматривать каждый образ, который упоминается в романе, потому что их характер создан с такой тщательностью, что не остаётся сомнений в том, что эти люди стали тебе близки и ты прожил с ними какой-то отрезок своего времени. Насколько глубоко проникаешься в судьбу героев, настолько сильнее чувствуешь их горе.

Произведение сложно психологически. Бывало, хотелось остановиться и перестать читать. Мысли, обращённые к поломанным судьбам невольно заставляют задуматься о смысле жизни.



Также можно прочитать другое произведение Шолохова «Судьба человека». Не менее сильное произведение, которое повествует о жизни маленького мальчика, наследшего своего отца после Великой Отечественной войны, тем самым оставляет надежду на светлое будущее.

Б. ИШЕКЕНОВА,
студентка 3 курса
филологического факультета

Студенттер клубы түрлі мәдени қажеттіліктерді қарастыру, студенттердің, колледж оқушыларының өзіндік шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында 1997 жылдың қыркүйек айында құрылған. Студенттер клубының мақсаты – жігер оты жалындап жанған студент жастардың жас дәурені текке өтпей, жаман әдеттерден аулақ болуына, олардың заман ағымына ілескен зымыраған күндеріндегі бос уақыттарын әсерлі ән, көк нәсер күй, күмбірлеген домбыра, мың бұралған би әлемімен қауықтыруға атсадысу. Осы орайда студенттердің мәдени ордасы жайлы ҚазҰУ студенттер клубының жетекшісі Әйгерім Әлімжановамен сұхбаттасқан едік.

Студенттер клубы - өнердің қыз-қыз қайнаған ортасы

– Студенттер клубында қандай үйірмелер бар? Жеке-жеке тоқталып өтсеңіз.

– Студенттер клубында 10 үйірме жұмыс істейді. Олар: «Фараби сазы» ұлт-аспаптар оркестрі, «Студенттік хор», «Бақыт» би ансамблі, «Біз» студенттік театры, «Домбыра және қобыз», «Вокал және эстрада», «Жас ақындар», «Көңілді тапқырлар клубы». Өртүрлі үйірмелерде қазіргі таңда 1000-ға жуық студент мүшелік етеді.

Алдымен, «Фараби сазы» ұлт-аспаптар оркестріне тоқталғым келеді. Өйткені алғаш Студенттер клубы құрылған кезде алғашқы үйірме болып оркестр ашылған. Жыл сайын оркестр мүшелері қалалық, республикалық байқауларға қатысып жүзделі орындарға



өнер саласында танылып жүрген мүшелеріңіз бар ма?

– Иә, әрине. Өнер жұлдыздары Мәдина Сәдуақасова, Роза Әлқожа, Динара Қырықбаева, Аша Матай, Мақпал Диханбаева, ақындар Мұхамеджан Тазабеков, Дәулеткерей Кәпұлы, Серік Қалиев, Амангелді Сейтханов, Балғынбек Имашев, Серікзат Дүйсенғазин, Бауыржан Халиолла, марқұм Оразалы Досбосынов, Талант Арынғали т.б. осы үйірмелердің мүшелері болғанын мақтанышпен айта аламыз.


– ҚазҰУ-да, Студенттер сарайында өтетін ірі-ірі кештерді жүргізушілерді де клуб таңдайды ма?

– Кеш жүргізушілерін «1-курс таланттары», «Студенттік көктем» байқауларында арнайы «Жүргізушілер» номинациясы бойынша таңдап

ұсынды. Театрдың көркемдік жетекшісі – режиссер Ғалымжан Сайлаубеков.

Ал Эстрада және вокал үйірмелерінің жетекшісі – Айниязова Алтын Өтегенқызы. Үйірме құрамында 160-қа жуық жас өнші бар. Үйірме қатысушылары өнерлерін шыңдау арқылы тек ән айтуға ғана емес, сондай-ақ кәсіби сахналық мәдениетке үйренуде.

Домбыра және қобыз үйірмелерінің жетекшісі – Зита Сванбаева және Сәния Абделиева. Үйірмеде 60-тан астам домбырашы, 15 қобызшы бар. Үйірме жұмысы танымал ұлттық аспаптарды ойнауға қызығатындар мен оны бағалаушылардың басын біріктіреді.



болып жүр. Жетекшісі – ҚР мәдениет қайраткері Болатқали Әмірханов. Оркестрге 150-ге жуық студент қатысады. Оркестр – өзіндік репертуары байланып отырған, шыңдалған ұжым. Құрманғазының «Сарыарқа», «Балбырауың», «Адай», «Айжан қыз», Дәулеткерейдің «Керемет», Сүлейменнің «Ыңғай төк», Түркештің «Көңілашар» күйлері мен халық әндерін, Қазақстан сазгерлерінің шығармаларын орындайды. Сонымен қатар биыл Мұқан Төлебаевтың «Біржан Сара» операсын «Студенттерді қабылдау кешінде» көрермендерге тарту етті.

«Бақыт» би ансамблі 2003 жылы құрылды. Қазіргі таңда ансамбльдің құрамы 100-ден аса студенттен тұрады. Көркемдік жетекшісі – ҚР мемлекет қайраткері Галя Есмұханбетова. Тек ҚазҰУ көлемінде ғана емес, «Бақыт» би ансамблі «Қазақстан», «Хабар», «Еларна» телеарналарында және қалалық, республикалық, халықаралық өнер жобаларына, байқауларға қатысып, үлкен жетістіктерге жетіп жүр. Ұжым репертуарында қазіргі халқының және әлем елдерінің билері мен классикалық және қазіргі заманғы композициялар бар.

«Біз» студенттік театры университеттік театр өнерінің дәстүрін жалғастыруда. Театр – бұл мәңгілік сөзімізге толы тұтас бір өмір десек, студенттік ұжым көрермендерге «Адаспаңдар!», «Бағдаршам», «Той», «Кешіріңіз, сізді ажал күтіп тұр», «Ол көктем оралмайды», «Миллион раушан гүл» атты қойылымдар

Хор үйірмесінің негізгі мүшелері – университетіміздің колледж студенттері. Хор жетекшісі – Саида Құрманғазиева. Хор үйірмесінің репертуарында 25 шығарма бар.

Көңілді тапқырлар клубы – жоғары оқу орнының айрықша өнер жолдамасы. Өзіл-қалжыңдар, көңілді де қызықты өзіл-оспақтар, міне, студенттік өмір дәл осылардан тұрады. 25-тен аса факультет командасы жыл сайын университеттің КТК Лигасы ойындарына қатысады. Бұл – ҚазҰУ КТК құрама командасы үшін ең үздіктерді іріктеуші таланттар шеберханасы. ҚазҰУ құрама командасы Қазақстанның үш дүркін чемпионы болып табылады.

«Жас ақындар» үйірмесі – университетіміздің республикаға танытуда зор үлес қосып келе жатқан үйірмелердің бірі. Үйірменің 40-қа жуық мүшесі бар. Студенттер қазақтың айтыс өнерін, ұлттың қолтаңбасын меңгереді.

– Атап өткен үйірмелерге мүше болудың қандай талаптары бар? Кез келген студент қатыса ала ма?

– Бойында өнері мен таланты бар студенттер өз таңдауымен жоғарыда аталған үйірмелерге мүше бола алады. Сондықтан да университетіміздегі куратор-эдвайзерлер өз студентінің өнерге деген қабілетін байқаса, бізге жіберулеріне болады.

– Клубта кезінде өнер көрсетіп, бүгінде

аламыз.

– 1 курс студенттеріне арналған байқау жайлы айтсаңыз.

– «1-курс таланттары» байқауы ректор Ғ.М. Мұтановтың бастамасымен биыл үшінші рет ұйымдастырылуда. Алғашқы іріктеу кезеңін әр факультет өздері ұйымдастырды. Ал екінші кезең белгіленген кесте бойынша Студенттер сарайындағы «Рухани орталықта» өтеді. 1 – курсқа түскен жас өнерпаздар осы байқауға қатыса алады. Байқаудың марапаттау рәсімі мен гала-концерті үлкен деңгейде аталады.

– Елмізден шалғай қандай жерлерге барып өнер көрсеттіңіздер?

– Белсенді, талантты клуб өнерпаздары осы уақытқа дейін Израильде, Мәскеуде, Қытай елінің Ланцжоу, Хайнянь университеттерінде өнер көрсетті.

– Алда қандай жоспарларыңыз бар?

– Университеттік мәдени іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізу. Сонымен қатар «Фортепиано», «Дәстүрлі ән» үйірмелерін ашу ойымызда бар.

– Сіздерге сәттілік, әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Жадыра ҮМБЕТБАЕВА

5-7 шілдеде Ыстықкөлде ҚазҰУ куратор-эдвайзерлерінің семинар-тренингі, көсіподақ белсенділерінің жазғы мектебі және студенттік жазғы лагерь өтеді

Әскери кафедра курсанттары АНТ БЕРДІ



28 маусымда ҚазҰУ-да әскери кафедра түлектерінің ант қабылдау рәсімі өтті. Биыл кафедрада әскери оқудың толық курсынан өткен 351 түлек Отан алдында адалдыққа ант берді. Сонымен қатар әскери кафедраны үздік тамамдаған курсанттарға, оқу бағдарламасы бойынша запастағы офицерлерге «лейтенант» әскери атағы құрметпен табысталды.

Салтанатты шараға Бірінші проректор М. Мырзабайұлы, отставкадағы генерал-майор В. Сапсай, ҚР ХАТУ оқу-әдістемелік жұмыс және тіркеу бөлімінің бастығы А.Рысбекова, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы мен ҚР Қарулы күштерінің ардагерлері, факультет декандары мен оқытушылары, курсанттардың ата-аналары қатысты.

Әскери кафедра бастығы Е.Ишанов: «Ант қабылдау – әскери кафедра түлектерінің өміріндегі аса маңызды әрі жауапты сәт. Олардың әскери болу шешімі құрметтеуге лайық және оларға үлкен жауапкершілік жүктейді. Ол – бүгін ант беру, ал ертең өз Отаныңды қорғауға дайын

болу. Себебі қай заманда болмасын Отан қорғау – әрбір ер азаматтың биік мұраты және қасиетті борышы болмақ. Біздің түлектердің де халқымыздың даңқты әскери дәстүрін абыроймен жалғайтынына сенемін, – деп курсанттарды құттықтай отырып, отаншылдыққа үндеді.

Іс-шараға қатысушылар назарына саптық және арнайы дайындық қимылдары ұсынылды. ҚР аэромобильді әскер бөлімшесі қоян-қолтық ұрыс элементтерін көрсетсе, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институт курсанттары қарумен түрлі тәсілдер жасап, қайран қалдырды, сонымен қатар қару үлгілері мен әскери техника көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ әскери кафедра және әскери оркестр орындауындағы әскери-патриоттық өндер көпшілікке жігер беріп, шара соңында түлек-курсанттар мерекелік вальс ырғағында тербелді.

Жадыра ҮМБЕТБАЕВА, Мария КОЛЕНКО,
журналистика факультетінің 3-курс студенттері

ҚазҰУ әскери кафедрасы 1934 жылы Қызыл әскердің бөлімдері мен байланысы үшін әскери дайындық тобын әзірлеу мақсатында құрылған болатын. Әскери кафедрадағы дайындау үлгісі жастар арасында мемлекеттік-патриоттық тәрбие деңгейін көтеруге әсер етеді. ҚазҰУ-дағы әскери дайындықты ҚР азаматы болып табылатын, әскери қызметке денсаулығы жарамды, факультетте табысты білім алып жатқан және арнайы іріктеуден өткен – университеттің берік күндізгі бөлімінің студенттері қалауы бойынша өте алады.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 10691

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.